

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Ибраева Л.Б.,

Қостанай педагогикалық колледжі

«Ұрпақ тәрбиесі – бәскеге қабілетті Қазақсанның болашағы»

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында қоғам өмірін демократияландыру мен ізгілендіру бағытында болып жатқан түбегейлі жаңаруларға байланысты, білім мен тәрбие беру жүйесінде де мол өзгерістер туындап отыр. «2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ұсынылып, «Мәдени мұра» бағдарламасы талқыланып жатқан тұста, мектептің тұтас педагогикалық процесіндегі тәрбиеге жаңа көзқараспен қарау қажеттілігі туындады.

Сондықтан да ХХІ ғасырдың басында жаһандану мен ұлттық тенденциялардың бірлігі мен күресі, үйлесімі мен текетіресі елдің, ұлттың, жеке адамның адамгершілік қасиет сапаларын, ар-намысын жаңа қырынан саралауды талап етіп отыр.

Өйткені жаңа ғасырдың басында адамның қоршаған ортамен өзара қатынасы шиелене түсті. Бұл бір жағынан, барша саланың ғалымдануы, ал екінші жағынан рухани азғынудың бас көтеріп, үдеу үрдісімен түсіндіріледі. Бүгінгі таңда республикамызда күннен күнге нашакорлық, маскүнемдік, жұмыссыздық пен тастанды балалар санының көбеюі, жалпы тәрбие жүйесі күрделенгендігін байқауға болады.

Академик Г.Н. Волков «батыстан келген бұл рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, түрлі сынан сүрінбей өткен халықтың бай тәжірбиесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ», – деп тұжырымдайды. Демек, қоғамдық, әлеуметтік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын, яғни жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерін жоғары болуын қамтамасыз етіп, азамат тәрбиелеудің жаңа бағыттарын ойластырудың қажеттігі туындаған сияқты /1/.

Тәуелсіз қазақ елі үшін бүгінгі ұрпақтың дені сау, жүйкесі таза, саналы болғаны абзал. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы осыларға байланысты.

Ел ағаларымыздан бастап біздің ұстаздардың алдында үлкен де ұлағатты іс тұр. Бұл жас ұрпақты сонау замандардан бергі жерде сарқылмас болып жиналған ата-бабаларымыздың мол мұрасы мен сусындатып, олардың бойына сәби кезінен бастап сіңіру мәселесі. Яғни жастарды тәрбиелеуде бабалар өнеге өсиетін пайдаланып, ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі. Бесік жырын естіп, сүйеніп отырып айтқан ана арманы баланы психологиялық толық жетілуіне әсер етеді. Бесіктен белі шыққан соң ауыз әдебиеті мен ақын-жазушылар шығармаларындағы пікірлер психологиялық тартыс, адам тануда, яғни оны ұғынып білуде, арасындағы тың қарым-қатынасты түсінуде маңызы аса зор болмақ.

Адамды жақсы ететінде, жаман ететін де – тәрбие. Сондықтан, жеткіншек ұрпақтың өз халқының рухани азынасымен, ұлттық мәдениетімен, дәстүрімен неғұрлым тереңірек танысу қажеттігі бірінші орынға қойылып отыр. Себебі мұндай негіздерді білмей өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезінбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай бағаламай, даму жолына түсу мүмкін емес.

Қазақ энциклопедиясында «адамгершілік тәрбиесі – тәлім тәрбиенің ықпалды әсері мен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы» – деп ұғындырылады. Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың нақты және жас ерекшелігіне қойылатын талаптардың көлемі, мазмұны, тізбегі жөніндегі түсінік негізінде анықталады /2/.

Этнопедагогика-ұлттық тәлім тәрбиенің қайнар бастуынан бастап, осы уақытқа дейінгі болмысын айқындап, оның болашағын белгілеп беретін, одан әрі дамып, кемелдене беретін ғылым. Өскелең ұрпақты терең педагогикалық, психологиялық ойлармен, теориямен, халқымыздың бай тәжірбиесімен таныстырудың маңызы өте зор. Жеткіншек жасқа келген балалар

намысқой болады. Дүниеге деген көзқарас қалыптаса бастайды, дамыған өзіндік сана пайда болады. Ғылыми еңбектерде, педагогика психология оқулықтарында «жеткіншек деген – бала бойындағы үлкендік сезімнің тууы»деп аталады, ал адамгершілік деген-ар-ұжданның тазалығы адамшылық, мысалы хрестоматияны құрастырғанда негізгі көзделген нысана-жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, соған орай қасиет-ол әр бір затқа нәрсеге тән айырмашылық белгілі ерекшелік заттардың бір-біріне ұқсастық және бір-бірінен айырмашылық заттың қасиеті деп аталады.Осыларға анықтама бере отырып қазіргі кезде ұлттық педагогиканың негізгі мақсаты өзімізден бұрын өмір сүрген аға буынның тәрбие мәселесінде жинақталған мол тәжірибесіне сүйене отырып, жеткіншектерді адал еңбекке, өнер, білімге баулу, өмірге бейімдеу, отбас, Отанның ар-намысын қорғау сияқты ізгі адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Қазақ халықтық педагогикасын өскелең ұрпақтың тәрбиесіне пайдалану сияқты өзекті мәселерді зерттеген еңбектер жазған Қазақстан ғалымдары: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, Ж. Наурызбай, Т. Қышқашбаева, Р. Дүйсенбинов және т.б. зерттеушілердің ғылыми еңбектері этнопедагогиканың басты құралы бола алды.

Салт-дәстүрінің өміршендігі туралы педагогика ғылымдарының докторы, ғалым-педагог С.Қалиев өз зерттеулерінде «Әдет-ғұрып замандар бойы сынан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесіне айналады.Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді...»деп көрсетеді /3/.

Қай кезеңнің болсын келелі мәселесі бола білген адамгершілік тәрбиесін әр уақыттың өзінің дана ойшылдары мен ғұлама ғалымдары еңбектеріне арқау еткен. Сонау Орхон жазба ескерткіштерімен Қорқыт ата кітабынан бастап орта ғасырлық ойшылдардың төл туындылары мен даламыздың дана жырауларының поэзиясына, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтардай халық ұлдарының шығармаларына зер салсаңыз, кез келгенде адам бойындағы адамгершілік қасиет, олардың қалыптасуы туралы кеңінен сөз болған. «Бала-болашағымыз» деп ой түйіп, бала тәрбиесіне ежелден- ақ көңіл бөлген ата-бабаларымыз халықтық адамгершілік қасиеттерге баулу мәселесін алғашқы орынға қойған. Адамгершілікке баулитын халқымыздың сан ғасырлық тәлім-тәжірибесінен болашақ жастар тәрбиесіне пайдаланудың берері мол екендігін халқымыздың зиялы азаматтары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтар атап көрсеткен. Демек, ұлт тағдыры ұрпақ қолында екенін жақсы түсінген халқымыздың мол мұрасын бүгінгі таңда жалпы орта білім беретін қазақ мектептерінде өтілер әрбір пәнге арқау етудің жоғарғы нәтижеге жеткізері даусыз. Этнопедагогика ғылымының білгірі С. Қалиев: «Ұлттық тәлім тәрбиені іске асыратын ұлттық тіл», -деп жазды. Олай болса «жаным арымның садағасы»деген халық даналығын жас ұрпақтың санасына сіңіруде қазақ тілі пәндерінің алатын орны ерекше /4, 5/.

Оқулықтарда бір ескерілетін жайт мысалға етістіктің бұйрық райына байланысты неге халқымыздың тыйым сөздерін пайдаланбасқа? «Малды теппе», «Ақты төкпе», «Үлкеннің алдын кесіп өтпе», «Кісіге қарай есінеме», «Бүйірінді таянба», «Босағада тұрма», «Үлкеннің сөзін бөлме» деген сияқты тыйым сөздер бұйрық райға тамаша мысал болумен қатар өнегелік жақтары да жетерлік. «Көкті жұлма», «Кұстың ұясын бұзба», «Бұлақтың көзін біттеме» деген сөздер арқылы аталарымыз жас баланың санасына қоршаған орта табиғатқа деген ізгі сезімдерді ұялатуды көздеген. Ал, баланың жас кезінен жүрегінен орын алған мұндай мейірімділік сөздер оның тұла бойында өмір бойы сақталары сөзсіз. «сан есім» тақырыбына байланысты халқымыздың жеті ата, жеті қазына, жеті шелпек, жеті ағайынды жұт, жеті жетім, жеті амал, жеті ғашық, үш жұрт, үш қиян, үш шақ, үш ғайып, үш арсыз, үш тәтті, тәрізді даналық сөздерінен тұратын жаттығу әзірлеуге болады. Оқушыларға халқымыздың кейбір сандардан терең мән тауы, тұрмыс-тіршілігіне тірек екенін айта келіп, «Жеті шелпек» туралы аңызды тыңдатып, мәнін аштырып, жеті шелпек алушы «қабыл болсын» дейді, ал таратушы «Әумин!»деп жауап беретіндігін, «Жеті нан» қазақ ұғымында әрқашан әруақ болып желеп-жебеп, бәле-жаладан қорғап жүретіндігін түсіндіруіменен, балалардың

аллаға деген сенімін қалыптастыры, жаман іс істемей, бір аллаға сиынып, түзу басып түзу жүр деп, әр жаралы жақыбайларға, кембағал жандарға жәрдемдес, өзің болсаң басқаға шекеңнен қарап, менсінбей, көкіректік танытпа деген сияқты адамгершілік ізгі қасиеттерге баулуымыз біздің басты мақсатымыз.

Этнопедагогиканың элементтерін тек сабақ үстінде ғана пайдаланып қана қоймай, сабақтан тыс жүргізілетін білімдік-тәрбиелік жұмыстарға да еңгізу тәлім-тәрбие ісінде жақсы жетістіктерге жеткізіп, оқушыларды ұлттық рухқа тәрбиелеуге мол мүмкіндік береді.

«Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Яғни адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру-біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай мектептегі тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға жекеленген ғылыми пәндерді терең оқытуға тырысып бойларына адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбиелеу жұмысы жүргізілу үстінде. Ендеше рухани-адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді /7/.

Қорытындылай келе халық педагогикасы – ұлттық қазына, ұлттық несібе. Оны жеткіншектің тұла бойына сіңіру әрбір берген тәрбие, сынып сағаты, пәндік сабақтар арқылы адамгершілікті одан әрі ұлттық бағытта ұстанып, ұлттық ерекшеліктермен қатар, ұлттық менталитеттің қыр сырын білдіру керек. Тәрбиелеу және тәрбиелену оңай жұмыс емес. Ол адамнан ұдайлықты қажет етеді. Заман талабына сәйкес өмір сүру тәртібі өзін-өзі өзгертуіне, өзіндік көзқарастардың қалыптасуына, айнала қоршаған ортамен санасуына ықпал етпей қоймайды. Сондықтан оқушылардың рухани – адамгершілік құндылықтарын дамыта отырып, тәрбиелеу үрдісін одан әрі жетілдіру оқу – тәрбие үрдісінің мазмұнын жаңартуға жасалынған қадамдар адамгершілік сипаттағы ұлттық тәрбие болмақ /8/.

Л.Х. Салимованың айтуынша: «Адамгершілік тәрбие – жеткіншектердің адамгершілік нормалар мен ережелерді меңгеруде, оларда адамгершілік сезімдерді дамытуға, адамгершілік сана мен сенімдерді қалыптастыруға, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, іскерліктерді шындауға бағытталған педагогикалық үрдіс. Бұл үрдістің негізгі мақсаты –жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіру деңгейіне өтуі».

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Жұмабаев М. Педагогика. 1992. 160 б.
- 2 Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. – 2006. – №2. – 23–49 б.
- 3 Абайдың дүние таным философиясы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 382 б.
- 4 Оразбекова Қ.А. Отбасы психологиясы. – Алматы: РБК, 1997. – 247 б.
- 5 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім тәрбиесі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
- 6 Кішікбеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. – Алматы: Ғылым, 1999.
- 7 Ұлағат. 2001. – №5.

СТУДЕНТТЕРДІ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ДӘСТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУ

*Иманбетов А.Н., Абишев Ж.Б., Аbugалиев Б.Н.,
Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, Қарағанды қ.*

Патриоттық тәрбие жұмыстарының мені мен мақсаты жене оны ұйымдастырудағы педагогикалық талаптар, қоғамдық әсер етудің анағұрлым белсенді тәсілдері адамның рухани қабілетін қалыптастыру арқылы патриоттық тәрбиенің жан-жақты жарасымды дамуына ықпал ету болып отыр.

Тәрбиенің кез келген түрі жалпы қоғамдық мәдениеттің құрамына енеді. Студенттерді ұлтжандылыққа тәрбиелеудің арнайы әдістемелерін жасау ісінде тәрбие жетістіктерінің жиынтығын көрсете отырып, жалпы ұйымдастыру түрлерінің мәліметтері арқылы белгіленеді.